



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

Рухани жаңғыру

Жауынгерлер рухына тағзым

Жомарт жандар жақсылық жасап, Шиелі ауылында ескерткіш орнатылды

Ұлы Отан соғысында жан алып, жан беріскен жауынгерлердің рухына тағзым ету кейінгі ұрпақтың басты мақсаты екені баршаға мәлім.

Отан үшін от кешіп, нағыз ерліктің үлгісін көрсеткен біздің майдангерлеріміз. Осы мақсатта Шиелі ауылының тұрғындары қан майданда қан төккен батыр жауынгерлерге арнап ескерткіш тақта орнатты.

Адамзат тарихында болған ең сұрапыл соғысқа Шиелі ауылынан 72 адам аттанып, елін-жерін қорғаған болатын. Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің рухына тағзым ету, Шиелі ауылының тұрғындары үшін үлкен парыз болатын. Жеңістің 75 жылдығына орай, бытырғы жылы ескерткіш тақта орнатылған болатын. Елімізде болып жатқан коронавирус



індетіне байланысты ескерткіштің ашылу салтанаты ағымдағы жылдың 12 маусымында өтті. Салтанатты жиынға аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Есет Көбекеов, Меңдіқара аудандық Зұлқарнайұлы Мұса қажы мешітінің имамы Еркебұлан Қошан, ел ағалары мен ауыл тұрғындары қатысты.

Ігі бастаманың іске асуына мұрындық болған Шиелі ауылының тумасы, ел жанашыры, халыққа талай жыл абыроймен қалтқысыз еңбек еткен Төлеубай Жұмасұлтанов болатын. Ардагерлер рухына тағзым етіп, кейінгі ұрпаққа өнеге көрсету мақсатында іске асырған бастамаға барша ауыл тұрғындары мен ел ағалары ат салысты.

- Бейбіт күн сыйлаған, ардагерлерімізге тағзым етіп, ескерткіш тақта орнатуды жөн санадық. Өлі разы болмай, тірі байымас деген қағиданы ұстанып, жанашыр жандардың қолдауы-

мен үлкен істі қолға алдық. Қажмұқан Жұмасұлтанов, Бақытжан Бірімжанов, Ерназар Доскеев сынды азаматтар, ардагерлеріміздің ұрпақтары мәрттік жасады. Сайран Бұқанов, Мақсұт Күзембаев сынды елдің қамын ойлайтын жомарт жандар демеушілік көмек көрсетті. Аруақтарға құран бағышталып, үлкен іс атқарылды. Келешекте орнатылған ескерткіш ауданымыздың соқралды картасына енсе деген ниетіміз, тілегіміз бар, - деді аудан тұрғыны Есенгелді Қапашұлы.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген осы шығар. Сананы тұрмыс билеген заманда, жомарттық жасап көпке өнеге көрсете білген жақсы жандардың арқасында кейінгі ұрпаққа шуақты күн сыйлаған ардагерлеріміздің рухына құрмет көрсетілді.

Тұрсыннай МҰХТАРҚЫЗЫ